

ҚАНЖАР



Түзелбаев М-К. А.

12+

М-К. А. Тузелбаев

Қанжар

http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=67888709

SelfPub; 2022

Аннотация

2001 жылы 21–ші қаңтар күні Жер ғаламшарына келімсектер келді. Ол кезде біз үшін келімсектердің кім екені де, олардың қай ғаламшардан келгені де белгісіз болды. Адамзат үшін өзге ғаламшарлық қонақтардың тілі, технологиясы, немесе өркениеті белгісіз болған. Бірақ біз үшін анық ақиқат: жатғаламшарлықтардың қару-жарағы бізге қарағанда әлде қайда дамыған, екіншіден, олар оны бізге қарсы қолдана алады және қолданды. Сол жылы жер жүзінде болмаған ең үлкен және ең қанды соғыс болды. Егер бұған дейін адамдар адамдармен соғысса, бұл жолы қанды шайқаста құру алдында тұрғандықтан бүкіл халық ортақ жаумен шайқас үшін бір жұдырық жұмыла жұмыс жасасты.

Соғыстан кейінгі жылдарда тіпті егер алғашқыда қарағанда одақта тату тәтті өмір сүрсек те, «Жер» тұрғындары жатғаламшарлық шабылшыларға қарсы жасырын қарсылық күштері олардың әлсіз жерлерін тауып күшті соққы беруге деген талпыныстарын бір мезетке де тоқтатқан жоқ болатын. Осындай қарсылық күштерінің ішіндегі топтарының біреуі «Қанжар» деген атауға ие.

М-К. Тузелбаев

Қанжар

Бірінші бөлім: Танысу

2013 жыл. Маусымның жетінші жұлдызы күні.

Қазақстан республикасы. Қызылорда обылысы. Қармақшы ауданы. Жосалы ауылы. «Қанжар» қарсылық – соққы күшінің уақытша тұрғын орны.

– Аяқ астыңа қарап жүрмейсіңбе, Дәмиан – деді Вироника – миының орнына бұлшықет басқан ақымақ.

– Өзің емес пе кеше кешке дейін компьютермен жағаласып отырған қалпыңда ұйықтап. – Ардо күліп жіберді.

– Оның бұған қандай қатысы бар? – Вероника ақпараттық жөніне келгенде ешқашан өзінің кінәлі екенін мойындамас еді.

– Тц. Қалайша қандай қатысы бар?! Сенің ұйқыда қалай тыныш жататыныңды бәріміз білеміз ғой! – Дәмиан да мазақ етіп жіберді.

– Я-я, бәрі менің кінәм. Маған бәрін жаба салың. Ешқандай маңызды нәрсе быт – шыт болып сынған жоқ қой! Бар болғаны бәріміз соңғы 7 апта бойы жинаған және бар болғаны менің соңғы 5 күн бойы ұйқысыз реттеп жинаған мәліметтер бар тасымалдамалы дискет қана жоғалды! – Вироника атылуға дауын тұрған вулкаға ұқсап кетті

– Ештеңе етпес, ішіндегі платаны алып, барлық инфор-

мацияны қайта қалпына келтіруге болады емес пе, Вироника?! – Дэмиан әңгімені өзінен аударуға тырысты.

– Қалпына келтіруге болар еді, егер оның үстінде 138 килограммдық біреудің аяғы таптап өтпеген болса ғана. О, айтпақшы, Дэмиан, сен неше килограмм тартатын едің? А, я, 138!

– Мәліметтерді ортақ дискетке ауыстырған жоқсың ба?! Ештеңе етпес. Бар болғаны жаңа тасымалдамалы дискетке ауыстыра саласың. – Ардо өзінің күнделікті кофесін енді ішіп бітіріп жатырған.

– Онда болған. Мұнда маңызды сөз «болған». Егер ұмытып қалмасаңдар біздің команда осы қарғыс атқыр ғаламшардың құрып кеткір жатғаламшарлық шабуылшыларға қарсы бейшара жасырын қарсылық күштерінің ең «танымал» құпия соққы күшіміз. Бұл не деген сөз!? Дұрыс, бізге мәліметтерді не бір виджедтте ұзақ уақытқа, не бұлтшада сақтауға бол-май-ды. Егер ол аз болса біздің қазір тұратын орнымыз уақытша ғана, және жоспар бойынша бүгін осы жердің түбінде соңғы күніміз болу керек еді. А, я, болған! Неге болған? Дұрыс, себебі 2 минут бұрын бір топастың аяғы жолда пайда болды! Соңғы екі айға жуық жұмыстың барлына крест койдың. – Веронка әлемдегі ең мықты программистерінің бірі болып келеді. Бәлкі бұл оған әкесінен келген шығар (Верониканың әкесі Андрей 12 жыл бұрын әлемдегі ем қауіпті хакерлердің ішінде үшінші орында тұрған болатын).

– Егер ұмытпасаң жалғыз сен емес соңғы 1 аптадан аса уақыт бойы ұйқысыз түн кешкен. Бұл үйде барлығымыз дерлік осы уақытта көз ілмей өткізуімізге тура келгенін ұмытпағайсың! -

– Жарайды – жарайды! Енді барлық мағлұматтық тізбекті қайта қалпына келтіруге тура келеді, тек қана ең бастысы ешқандай мағлұматты ұмытпай қайта қалпына келтіру керектігіне қарамастан, онымен қоса тұра барлығының рет – реті мен орын – орындарында бұрыс болу қажеттілігін ұмытпайық! Ал ол кем дегенде тағы 2 күндік жұмыс. Ура – а, әрқашан уақыттан тыс жоғары жұмыс жасағым КЕЛГЕН! – Вироника ашу – ызадан орындықты теуіп жіберді.

– Не болды соншама айқай шығарып, а? Енді ғана ұйқыға кете бастаған едім. – осы кезде жатын бөлмеден бір көзін енді аша алмай Лу Хао шығып келе жатырған.

– О, кешірерсіз, біздің Ұйқыдағы Ханшайым!

– Ия, сен бүгін нағыз «қонақжайсың» ғой! Не болып қалды соншама таң атпай!?! Соңғы күндерінде қуаныштарыңды біртүрлі көрсетіп жатырсың ғой! – Лу Хао бір қабағын жоға көтеріп қарады.

– Білмеймін, мүмкін себебі соңғы аптадан аса уақыт бойы ұйқының не екенін жер бетінде бұрын – сонды болмаған, және байқа, тура мағынада, бұған дейін ғаламшарда аналогиясы болмаған және мағынасы жағынан тіпті жердегі түсініктерге сәйкес келеме екендігі де белгісіз тілді аударуға тырысқандықтан шығар немесе соңғы рейдтен кейін сақтықты

арттыру үшін 10 есе белсендірек қарауылда тұрғандықтан шығар?! – Дәмиан келімсектер келмес бұрын әлемдегі ең үздік 100 ұшқыштардың қатарына, тіпті үздік 50 ұшқыштардың қатарына кіретін. Соғыстан кейін Дәмиан жердің ең үздік бестік, тіпті үштіктердің қатарына кіруіне болар еді, егер ресми құжаттар бойынша Дәмиан 5 жыл бұрын қаза тапқан болмаса.

– Егер сен біраз уақыт бұрын келсең неге бүгін жолға шыға алмайтынымызды білер едің. – Ардо жалдамалы кісі өлтірушілердің ішіндегі ең үздіктерінің бірі болған. Соққы күшінің ең шулысы болуымен қатар қаншалықты қарама – қарсы естілседе, оның ішіндегі ең «тыныш» мүшесі.

– Не болып қалды, ауа-райы қолайсыз ба? – Лу Хао қытайдағы ең үздік қоян – қолтық және жекпе – жек қырылыс өнерін үйрететін мектептерінің алдыңғы қатарлы шәкірттерінің бірі болған, енді команданың жеке азпазшысы сонымен қатар топтың ішіндегі «жалғыз» тірі жан.

– Солай деп айтуға болады. 46-шы мөлшері түріндегі жауын – шашын жауды.

– Не..? А-а, мен түсінген сияқтымын, сендер мағлұматтық қорап жайында айтып жатырсындар ма? Сендер кеше түнде бәрің ес – түссіз талып ұйықтап қалған кездерінде мен жолға заттарды жинап жатқан кезде бірге жинап тастағанмын. Егер сендер 5 секунд болсада кішкене көңіл бөлсеңдер мағлұматтық қораптың басқаша екенін байқар едіңдер. Сендер айтқандарындай соңғы уақыттарда ұйқының жетіс-

пеушілігіне байланысты психологиялық энергияларың өте төмен деңгейде болғанымен менікі бірқалыпты екенін ұмытпаңдар. Сондықтанда мен соңғы күннің алдында барлық дайындықтарды алдын- ала дайындап тастайын дегенмін. – осы кезде Лу Хао жерде жатқан қоқыстардың арасынан дискеттің сынған бөлшектерін көреді.

– Саған қаншанғы айтам, мағлұматтық қорап өте ұзақ оның үстіне қолайсыз, дискет деп айт, ДИС.. Тоқта, сен не дедің? Жинап тастадым дедің бе? Демек дискет сау ма? Неге ертерек айтпадың?! Менің бостан – босқа өліп қалған жүйке – жүйе жасушаларым-ай!

– Егер байқамасаңдар, мен енді ғана ұйқыға кеттім, ал сендер енді оянып жатырсыңдар. Онымен қоса ұйқысыздық сендердің көру қабілеттеріңді соншама нашарлатады деп ойламаппын, әйтпесе не дискеттің басқаша екендігін байқамауларыңның себебін мен түсіндіріп бере алмаймын.

– Егер бәрің оянсаңдар мен ұйықтап алам. 2 сағаттан кейін шығамыз. Оған дейін мені оятпаңдар – осы кезде екі аяғын устел үстіне қойып бетінде қалпақ жабылып шалқайып отырған Бекнұрдың дауысы естілген болатын.

– Тоқта, сен не, Лу Хао заттарды жинап тастағанын білдің бе, және біле тұра үндемей отыра бердің бе???

– Егер ұмытпасаңдар, қаіпсіздік ережесі бойынша қаруылда кем дегенде екі адам қалу керек. Лу Хаомен 2 адам болады. Оның үстіне меннен ешкім ештеңе сұрамады. Ал енді мен ұйықтаймын. Мені 2 сағаттан кейін оятыңдар. Со-

дан кейін 3 минуттан кейін жолға шығамыз. – Бекнұрдың аз сөйлейтініне байланысты оның 32 тіл білетін әлемдегі ең мықты полиглоттардың бірі болуымен қатар денесіне қарап 5 докторлық дәрежесі бар ғаламшардың «миының» бірі деп айтуға болмас.

– М-м-м. Я. Арамыздағы тілдер туралы ғалымымыз сөйлеуді ұнатпайды! Бұл әлемдегі ең үлкен «әзіл» шығар!

Екінші бөлім: Жолға.

Талғар темір жол станциясы; Кіреберіс хол;

Күннің жарық сәулесінде станция алдына қара түсті «Волга» маркалы жеңіл көлік тоқтады. Көліктің нағыз түсі қара түсті болғанымен 4 есіктің біреуі сары түсті. Көлікті айдап отырған Қайрат осы көлікті өз қолымен өзге көліктердің бөлшектерінің көмегімен жөндеп алған. Жыл сайын тек Қазақстанда ғана жоқ – жоқ дегенде кемінде 1000 – нан астап көлік осылай «құрастырылады».

Көліктің сол жақтағы артқы есігі ашылып, ішінен орта жастағы әйел адам түсті. «Жүк тасып береміз», «жүк тасумен көмектесеміз» – станция айналасында арлы – берлі ұшып жүрген сиренасы бар жүк тасығыштар көп.

– Кешірім сұраймын, жүк салғыштағы заттарымды поездға апаруға кім көмектесе көмектесе алады? – өздерін түсінгендей, көліктен түскен адам – Лу Хао.

Лу Хао барлық топтың ішіндегі жалғыз ресми түрдегі тірі мүшесі болғандықтан барлық байланыс, жүріп – тұру, жә-

не тағы да басқа күнделікті жұмыстарды тек сол ғана атқара алады. Егер орын ауыстыру керек болса Лу Хао өзінің жасырын «мамандығын», жазушы – саяхатшылықты қолданады, ал команданың қалған мүшесі «жүк» ретінде тасымалданады.

– Әрине. Бірақ алдын – ала ескертеміз, әрбір килограмм жүк үшін 12 балл сұраймыз. Әрине, егер қосадқы ақы төлеймін десеңіз бәрін жоғары дәрежеде жасаймыз. – адамдардың ішінен алақ – жұлақ киінген жасы 45 – 50 жыл шамасындағы ер адам келді.

– Қажеті жоқ, жәй ғана апарып берсеңіз болды. – Лу Хао жүк тасушыға ақшасын беріп, есік жаққа қарай жол алды.

Жүк тасығыштардың ішінен бірнешеуі ұшып келді. Олардың барлығында орнатылған таразысы бар. Жүк салғыштан 2 және көліктің үстінгі секциясынан 3 саяхатқа арналған сөмке алынды. Бұндай көп жүктің болуын Лу Хао өзінің мамандығында қолданатын құралының көне дәрежелі жазба машинкасы (неге нақты сондай құрал деп сұраса ондай машинканы бұзып алуға болмайтындығымен түіндіреді) және барлық мағлұматтар мен жазбаша материалдардың қағаз бетінде болуымен түсіндіреді.

Кез – келген пункттерде сияқты олардың кіріп келген странцияда көптеген процесстер мен еңбек күштері автоматизацияланған. Кіре беріс есік өздігінен ашылды. Талондар мен билеттер автоматты түрде арнайы диваистардың көмегіен тексеріледі. Лу Хао өзінің электронды билетін скри-

бо арқылы тексертті. Бүгінгі таңда скрибо телефондар мен смартфондарды диваистық тақтан «ысырып» тастады.

Жүк тасығыштан заттарды механикалық қолдар конвейірдің үстіне қойды. Қазіргі таңда әрбір станциялар мен қақпаларда кіріп – шығатын адамдар мен олардың жүктерін тексеруші сканерлеуші аппараттар орнатылған. Осындай аппараттардан өздерін жасыру үшін жасырын соққы күштері металдарды арнайы технологияның көмегімен белгілі пропорциялармен біріктіру арқылы жаңа алдамшы құйманы ойлап тапқан болатын. Құйма сканерлеуші аппаратқа олардмен қапталған жол дорбаларының ішінде «жүктелген» заттардың бар екендігін көрсетеді.

Әдеттегідей бұл жолы да экранда жазба машинкасын, көптеген қаламдар мен дәптерлерді, әртүрлі ыдыс – аяқ және өзге де күнделікті өмірге қажетті заттардың өңі көрінді.

Әрине, бір адамға барлық адамдарды және аппаратуралар мен құралдарды бір рейспен тасымалдау мүмкін емес. Сол себепті әдетте тек команда мүшелерінің өздері ғана және ең керек деген заттар ғана өздеріен бірге алып жүреді.

Үшінші бөлім: Жолда

Талғар – Шілікті темір жолы; 57 – нөмірлі жолаушылар поезды; Жүктер сақтайтын бөлімше;

– Ауу, кім бар? – вагонның қараңғы бұрышынан жуан дауысты адамның дауысы естілді.

– Аарх, Дәмиан, сен не, тотықұссың ба? Қалайша адам-

ның жарты сағат бойы әрбір екі минут бойы бір сұрақты қайталап сұрай беретінін түсінсем бұйырмасын? – артынан жіңішке дауысты адамның дауысы естілді.

– Жәй ғана мен түсіне алмаймын, неге маған әрқашан мен тығылатын чемодан меннен 2 размер кіші.

– Себебі саған келгенде кез – келген чемодан 2 размерге кіші, ахаха. – ең үлкен сөмкеден Ардоның дауысы да естілді.

– Я, я, саған айту оңай, сен арамыздағы ең үлкен чемоданда жатырған жоқсың ба?!

– Доғарындар. Егер бізді ұстап алса, маған сенсеңдер болады, түрмеге дейін жетпейсіңдер. – Бекнұр егер бір айтса кесіп айтады.

Төртінші бөлім: Аялдама

Алматы облысы; Шілікті ауылы; № 52 – ші жалдамалы тұрғын үйі;

– Шыға берсеңдер болады. МИКМАК – ты қостым. – үйдің ішінде 4 саяхатқа арналған сөмкеге қарап отырған әйел адамның бейнесі көрінді.

– Хм – хм, егер ұмытып қалмасаң сыдырма сырттан ашылады! – әйел адамды қандай да бір сандыраққа санауға болар еді егер олардың ішінен жауап қайтпаса.

– Ой, ешқайсысың сыптырманы ішен аша алмайтындай айтасындар ғой. – өздерің түсінгендей осы үйдің жана тұрғындары – «Қанжар» қарсылық тобы.

Үйдің қараңғы бөлігінен зырылдаған дыбыс естілді, арты-

нан 4 сөмкенің ішінен 3 ер және 1 әйел адам шықты. Үйдің ішін қараңғылық басып тұр. Сырттағы адамдар көріп қоймас үшін үйдің терезелерін жауып тастайтын.

Қазіргі таңда ең дамыған сала – тыңшылық саласы. Бүгінгі күні тұрғындарды аңду үшін түрлі – түрлі дивайстар бар: температуралық сканерлер; фото спектрометрлер; ренгендік көзілдіріктер және тағысын тағылар. Аталып кеткен МИКМАК (микро импульсті кванттық макро аудандық квазар сөзінің қысқартылған атауы) осындай құралдардың барлығының «көзіне» түспес үшін әдейі ойлап табылған қарсылық күштерінің жауабы. Егер дұрыстап қарасақ, онда әрқайсысының үстіндегі киімдерінде арнайы жасақталған микро-чиптерді байқауға болады. МИКМАК белгілі – бір амплитудадағы толқын көзін генирациялайды. Топтың әрбір жасырын мүшесінің үстіндегі арнайы киімдер осы толқындардың көмегімен кез – келген дерлік электронды аппараттардан жасырына алады.

Жалдамалы үйде асханадан басқа тағы 3 бөлме бар. Жатын бөлменің есігі ашылды. Лу Хао жатын есіктен оң жақта тұрған жардағы шағын шкафтың үшінші сөресін ашты. Сөрені ашқандағы бірінші бейне – бүктеліп салынған сүлгілер. Лу Хао сөренің ішін ақтарып, көк сүлгінің арасынан 2 бүктелген қағазды тауып алды. Қағазды алған бойдан ол бірден әжетқанаға кіріп кетті. Қағаздың ішіндегісін оқығаннан кейін оны бірден өртеп, күлін ағызып жіберді.

– Егер шығып бара жатырсаң бүкіл алу керек заттардың

тізімі мен беріп жіберу керек хаттама аяқ – киімге арналған сөренің үстінде тұр – есіктің сыртынан Вирониканың дауысы шықты.

Әжетхананың есігін ашып, 2 рет оңға бұрылып біраз жүрді. Қағазды алғаннан кейін аяғына қызыл туфлиді киіп шығып кетті.

Бесінші бөлім: Айырбастау

Алматы облысы; Шілікті ауылы; «Арман» шағын кафесі; – 1 жасымық сорпасы, 2 құс еті қосылған самса, 1 сарымсақ қосылған нан, барлығы сіз айтқандай. Асыңыз дәмді болсын! – жасыл киім киген даяршы қыз бөлменің шетінде отырған қатаң киімдегі әйелге науамен тағамдар әкеліп берді.

– Рахмет! – өзге заттарға тиіспес бұрын ең алдымен самсадан ауыз тиіп, кейін қоңырау шырылдағаннан кейін орнынан тұрып, қалған тамақты өзімен алып кету үшін арнайы ыдыс сұратып алды.

Бүгінгі күні кафеде барлығы күндегідей болды, тек егер соңғы тапсырысты есептеменде. Бұл тапсырыстың өзге тапсырыстардан ерекше болуы – оған тапсырыс берген Лу Хао. Қарсылық күштерінің өздерінің тыңшыларымен хабарласу үшін өздерінің әдістері бар. Мысалы: жасыл киімдегі тапсырысты әкеліп берген даяршы қыз шын мәнінде Айғаным атты жасырын тыңшы. Әлемде ол сияқтылардың кем дегенде мыңдағаны бар.

Қазіргі заманда кез – келген электронды хабар алмасу өте сенімсіз, тіпті, көзбе – көз сөйлесудің өзі де әңгіменің үшін-

ші құлаққа жетпесіне кепілдік бола алмайды. Сондықтан «босатушылар» хабар алмасудың осындай әдіс ойлап тапты. «Қанжар» жаңа қалаға келме бұрын бұл қалаға «босатушылардың» адамы бірнеше апта алдын – ала келеді.

Даяршының әкелген тамағында «Қанжарға» арналған хаттама, ал науаның астында «босатушыларға» арналған хаттама бар.

Алтыншы бөлім: Хабарлама

– Сонымен, не деп жазған екен? – Ардо алдында отырған Лу Хаодан оқып отырған қағазында не деп жазылғандығын сұрады.

– Біздің ойлағанымыздай екен. 1 аптадан кейін жолға шығуға болады. Вироника, сен бәрін дұрыстап тексердің ғо, я?

– Маған сенсеңдер болады. Мен қашан сендердің сенімдеріңді растамаған едім?! – бөлменің арғы бетінен ашуланған дауыс естілді.

– Түсінемін, сен өз ісіңнің ең жақсы маманысың. Бірақ сақтанғанды құдай сақтайды деген сөз бар. – асханадан пышақтарын қайрап отырған Дәмианның дауысы шықты.

– Сендердің солай айтатындарыңды білген соң 2 күн бұрын бәрін тексеріп қойдым. Уайымдамаңдар, бәрі дұрыс жасап тұр. Олар тіпті біздің желіге кіргенімізді білмей де қалды. – мақтанғанынан Вироника тіпті күліп те жіберді.

– Егер солай десең онда қалғандарымыз дайындала берейік. – пышақтарынан кейін Дәмиан өзінің өзге қаруларының дұрыстығын тексеруге көшті.

Жетінші бөлім: Қала

Алматы қаласы; «BLACK HOUSE» сауда – ойын кешені;

2 – ші қабаттағы жалпы отырыс орындарындағы бір орында бір – бірлеріне арттарымен қарап отырған 4 адамның кейіпі көрінеді. Олар бір – бірлерімен әңгімемен сөйлесіп отырғанын байқауға болады. Осы 4 адамнан сол бағытта 3 устел кейінгі орындықта отырған қатаң қара киімдегі әйел адамның сұлбасын байқауға болады. Ол сыбырлап бірденелер айттып отыр:

– Өздерің жоспардан 2 сағатқа ерте келеміз деген. Енді шыдаңдар, жарты сағаттай уақыт қалды. – өздерің түсінгендей әйел адам Лу Хао болып келеді.

– Ешқандай оқыс жағдай болмас үшін деп алдын ала келдік. Бірақ мен әлі түсіне алмаймын, неге саған ғана шығуға болады, ал қалғандарымыз неге тапырық әрі тар көліктің ішінде отыруымызға тура келеді? – Лу Хаоның құлағынан Ардоның дауысы шықты.

– Өйіткені, егер естерінде болса, сендердің барлығың «өліп қалғансыңдар»!

– Ия, бірақ біздің Вирониканың арқасында ешқандай бейнебақылауға түспейтінімізді білесің ғой! – Ардо өз сөзінен қайтқысы келмеді.

– Бейнебақылаулар – жоқ, адамдар – я. Сондықтар тыныш отырыңдар және шуламаңдар. – Лу Хао да өз сөзінен қайтпады.

– Я, біздің түрімізді бүкіл әлем біледі ғой, тіпті егер түрімізді жасыратын болсақ та кез – келген адам танып алады! – екеуінің арасына өз сөзін Ардо да қосып жіберді.

– Тыныштала аласыңдар ма, мхм мхм, – өзінің отырған орнының артықшылығына байланысты Лу Хао өзіне сол жақтан жақындап келе жатқан адамды байқап үлгерді, – қысқасы, ауыздарыңды жабыңдар!

– Тынышталың, не үшін осында екенімізді ұмытпаңдар! – ұрыстың соңна нүктені Бекнұр қойды.

Бекнұрға топтың ешбір мүшесі қарсы сөз қайтарып айта алмайды. 12 жыл бұрын оны топтың кез – келген мүшесі жекпе – жекте жеңе алар еді, ал қазір керісінше. Оның үстіне Бекнұрдың айналасында өте ауыр «аура» бар, және оны олардың барлығы сезе алады. Ол аура қалған төртеуіндегіден әлде – қайда ауыр, ал біз команданың ішінде Ардо мен Дэмианның бар екендігін, және олардың өз кезінде келімсектердің Жер ғаламшарына «қонаққа» келместен бұрын да сансыз өлім мен өмірдің арасындағы шайқастарға қатысқандықтығын ұмытпауымыз керек.

Алматы қаласының қазіргі күнгі кейіпі өзінің 12 жылғы кейпіне ұқсамайды: жаңа ғимараттар мен географиялық өзгерістер. Егер соғысқа дейін осы ғимарат орналасқан координатасын ортаңғы сақинаға орналастыратын болсақ, қазіргі таңда оны қаланың сыртқы бөлігінде орналасты деп айтуға болады. Қаланың бұрынғы сыртқы сақинасы өмір сүруге жарамсыз болып келеді: көптеген ғимараттар жартылай немесе

толықтай сынған; жер мен ауа әртүрлі химикаттар мен радиационды заттармен уланған; көптеген тиктаникалық плиталары жылжыған, ажыраған, және тұрақты емес болып келеді. Бұндай әсерлердің барлығы соғыс жылдарындағы келімсектердің қалаға шабуылына қарсы қорғаныстың әсерінен болды: шабуылға қарсы тойтарыс беру кезінде орталық пен орта сақинаға қарағанда сыртқы сақина әлде қайда зақымданған, және осы да неге ол жердің әлі күнге дейін өмір сүру үшін жарамсыз екендігін түсіндіреді.

Бүкіл топтың осы ойын – сауда кешенінде болуының себебі бар. Қарсылық күштерінің жасырын ақпаратына сүйенсек, дел осы кешеннің үстінен жатжерліктердің делегациясы ұшып өту керек.

Сегізінші бөлім: Жат

Жоспар өте қарапайым. Ең алдымен Вероника жазған программасы арқылы жатжерліктердің қосылып алған жасанда жер серіктерінің осы аймақты бақылайтынынын басқару арқылы ұшқыш аппараттың кері қайтып бара жатқандай бейнесін көрсетеді.

Содан кейін МИКМАК – тың полярлы сингулярін өзгерту, ал ол өз кезегінде арқылы электронды құрылғыларға белгілі сферада кедергі келтіру арқылы аумақты жасырмайды, тек жәй ғана сәулеленген импульсті толқын шығару арқылы сәуле бойындағы барлық электронды құрылғылардың ішіндегі электрондардың жылжуын хаусты жылжытуға итермелейді. Қарапайым тілмен айтқанда, құрылғыларды істен шы-

ғарады. Егер құрылғы дұрыс жұмыс жасаса, онда келімсектердің транспорты да, экзоскелеті де, байланыс және өзге де құралдары да істен шығу керек.

Үшіншіден, шаттлдың құлаған орнын тауып, сол жерге команда мейлінше аз уақытта барып үлгеру керек.

Ең соңғысы, экзокостюмнен келімсектің дене мүшесінің бөлігін алу, және зертханаға жіберу керек.

Сөзбен айтқанда жоспар шын мәнінде өте қарапайым сияқты көрінеді. Алайда, жоспардың іске асуы – аспауы белгісіз. Себебі бұл жоспардағы әрбір бөлігі жоспардағыдай іске аспау мүмкін, өйткені бұл жоспар өте қарапайым болғанымен, сонымен қатар ол өте қауіпті әрі тек теория жүзінде ғана орындалатын қадамға жатады. Бұған бірнеше себептер бар. Егер оларды нақтылап айтатын болсақ:

Ең алдымен кодтың іске аспай қалуы да мүмкін. Әрине, осыған дейін Вероника талай рет келімсектердің программаларын бұзған болатын, алайда, ол программалардың барлығы дерлік көбінесе адамдардың жазған программаларына сүйене жазылған кодтармен қамтамасыздандырылған болатын. Қазіргі пайлананылатын код жаңартылған әрі жетіс дамытылған, бірақ жасанды жер серіктерінің қолданатын кодтары келімсектердің қолымен жасалған өте қиын код.

Келесі сатыда МИКМАК – тың шаттлға теория жүзіндегідей әсер етері әлі белгісіз. Келімсектердің аппараттарына кез – келген ЭМИ шығарушы құрылғылар әсер бере алмады. МИКМАК айтарлықтай жаңа құрылғы, оның ойлап та-

былғанына 3 жылдан сәл астам уақыт өтті. Сондықтан оның шаттлға практика тұрғысында қандай әсер берері белгісіз.

Үшіншіден, шаттлдың құлаған жерінің алыс болуы немесе геологиялық тұрақсыз орынға түсуінің әсерінен оның жер астына түсіп кетуімен табылмай қалуы. Тіпті, табылғанның өзінде, ол жерде жатжерліктердің болмауы мүмкін.

Ең соңында, келімсектердің дене мүшесі қандай болатындығы туралы ешкім білмейді. Олардың дене мүшелері гуманоид тәріздес болмауы мүмкін, тіпті болған жағдайда, денесі тастан, металдан немесе өзге де қатты материалдан жасалған болуы мүмкін, яғни дене мүшесінен бөлігін алуға мүмкіндік болмауы мүмкін. Немесе бәрі одан да нашар болуы мүмкін: олардың апоморфты белгісі бойынша физикалық денесі болмауы мүмкін, немесе газ тәріздес болуы мүмкін, тіпті олар виртуалды болуы да мүмкін.

Алайда, егер алғашқы үш сатысы дұрыс жүзеге асса, онда соңғы сатысы бойынша қобалжымауға болады. Себебі, егер келімсектердің анатомиясы газ тәріздес болса, онда МИК-МАК қолдану арқылы бас ғарыштық шаттлына шабуыл жасау арқы экзокостюмдерін істен шығарып, денелерін арнайы контейнерге немесе өзге сол сияқты ыдысқа сақтауға болады, содан кейін оларды қалай залалсыздандыруға болатынын ойлап табуға уақыт көбірек болады.

Ал егер олар виртуалды болса, онда экзокостюм істен шыққан кезде келімсектер де «о дүниелік» болып кетеді.

Егер де жатжерліктердің анатомиялық ерекшелігіне бай-

ланысты оларды қарапайым әдіспен жарақаттауға болмайтын болса, онда белгілі бір ерітіндінің жатжерліктердің денесіне әсерін сол жерде анықтауға болады. Неге дәл сол ерітінді? Қарсылық күштері жатжерліктердің жердегі серверлерінің ішінен кейбір мәліметтер алды, және солардың ішінен саусақпен санарлықтай сөзді декодтай алды. Солардың ішінде ерітіндінің формуласы шықты.

Бірақ бұның да теріс жақтары жоқ емес. Тіпті біз ол формулашы декодтай алсақта, оның келімсектердің денесіне қандай әсер берерін білмейміз.

Және ең жаманы, экзозкостюм бос болуы да мүмкін.

Тоғызыншы бөлім: Қонақ

Әрбір жарты жыл сайын келімсектердің ішінен жер ғаламшарындағы әлі күнге дейін дұрыс функциональды түрде жұмыс жасай алатын елдердің ішіндегі бас державалардың біреуімен кездесіп, келісімдер жүргізеді. Жер бетінде ондай елдер саны алтау. Олар: Үндістан, Бразилия, Канада, Австрия, Нигерия, және Қазақстан. 4 жыл бұрынғы келісім шарт бойынша келімсектердің делигатциясы әрбір цикл сайын аталған елдердің біреуіне келуге міндетті. Әрбір келген делигатцияда келімсектердің тірі өкілі болуға міндетті. Оның тірі екенін тексеру үшін бірнеше сатыдан тұратын сынақтардан өту керек. Бұл сынақтар өзінің атқару керек міндеті бойынша әлі күнге дейін сәтсіздікке ұшырамады (кем дегенде сәтсіздікке ұшырағандылығы туралы білдірмеді).

Бұл сынақтар үш сатыдан тұрады:

Ең алдымен келісек «Қара қораптың» («Қара қорап» арнайы материалдан жасалған кубтық пішіндес құрылым) ішіне кіру керек. Теория жүзінде «Қара қорап» кез –келген сырттан келетін сигналдарды өткізбеу керек. Практика жүзінде де өткізбейді. Негізі «Қара қорап» тек адамдардың ғана құралдарының сигналдарын өткізбейді. Бірақ келімсектердің құралдарының да сигналдары өтпейтініне жүз пайыз кепілдік беру мүмкін емес, себебі олардың техникаларын қолданып эксперимент жасай алмайды.

Бірінші саты әрбір кездесу үшін әртүрлі болып жасалады. Екінші сатыда арнайы пин код теріледі. Ол пин кодтың сандық комбинациялары да әрбір кездесу үшін өзгеріп отырады.

Үшінші сатыда жүргізілетін сынақ та белгісіз болып келеді. Бүкіл әлемде үшінші сатыда болатын сынақ туралы әрбір елде тек бір – бір адамнан ғана біле алады.

Кез – келген «Қара қораптың» ішіне үшінші сатысының орналасқандығын дәлелденбегенше оны іске жібермейді. «Қара қорапты» жатжерлік елші келерден 1 сағат бұрын әкеледі, және қатаң бақылауда ұстайды. Сынақтарды тек бір рет қана өтуге болады, содан кейін бірінші және үшінші сатыны қайттан орналастыруға тура келеді. Егер де сынақтардан адам, келімсек немесе өзге де тіршілік иелері өте алмайтын болса, онда «Қара қораптың» үстінгі сол жағындағы жасыл шам өшіп қалады (жасыл шамның өшіп қалуы «Қара қораптың» дұрыс жұмыс жасамауы немесе тоқсыз екендігі ту-

ралы да айтады). Ал егер өтпесе есік ашылмайды. Әрбір саты бірінен соң бірі тізбектеліп орындалады, және кері қайтуға болмайды. Егер де ішіне тірі жан кіріп, шыға алмайын болса, онда есікті екі жағынан да: не іштен, не сырттан ашуға болмайды, тек бұзып қана шығаруға болады.

«Қара қорапты» ойлап тапқан, жөндейтін, және үшінші сатыға арналған сынақты орнататын адамдарға «Инженер» деген атау берілген.

Бірінші сатыға арналған сынақты орнататын адамдарға «Механик» деген атау берілген.

«Қара қорапты» тасымалдайтын, елшінің кіргенін және шыққанын тексеретін, және жасыл шамның жанып тұрғанын тексеретін адамдарға «Бақылаушы» деген атау берілген.

Шын мәніне келгенде «Қара қорап» тек қана уақытша шара ретінде ғана қолдануда. Бүкіл әлемдегі ғалымдар келген елшінің шынымен тірі ағза екенің растайтын жабдықтың жаңасын ойлап табу үшін қарқынды жұмыс жасап жатыр (тіпті ол үшін арнайы жасырын зертхана да бар).

Осы жолы да жатжерліктердің өкілі қайтадан сынақтардан өтуіне тура келді. «Қара қораптың» өшемдері ұзындығы, ені және биіктігі сәйкесінше 3.70, 1.90 және 2.80 метр сәйкесінше.

Бірінші сатыда отыз түрлі суретті үш үштен он циклдан тұратын сынақ болатын. Бұл сынақтың негізгі мағынасы – шын және жасанды суреттердің ішінде қайсысы шынайы екенін табу керек болуында. Соңғы зерттеулер көрсеткендей,

тіпті қазіргі таңдағы дамыған жасанды интелект үшін егер ол осы суреттердің ішінде жалған суреттерді жиырма пайызға дұрыс табатын болса, онда ол үлкен жетістік болып саналады. Ал адамдар үшін бұл мән әдетте жетпіс – сексен пайызды құрайды.

Екінші сатыда белгілі цифрлардың қатарын теру керек болған. Цифрлардың мөлшері он сегізге тең. Әрбір цифрді теру үшін 5 секунд уақыт береді. Егер теріп үлгермесе, келесі сан көрсетіледі, содан кейін қайта кері теруге болмайды. Цифрлардың барынша рандомды болуы үшін квазибөлшекті қолданады. Он сегіз саннан тұратын кодтың болуы мүмкін комбинацияларының саны 6,402,373,705,728,000-ге тең. Бұл жасырын кодты білу мүмкіндігін болдырмауға арналған. Әрине, егер одан да артық қиындатуға болатын болса, онда инженерлер дәл солай жасар еді. Бірақ қазір ондай мүмкіндік туғыза алатын технология жоқ.

Үшінші сатыда болған сынақ туралы жоғарыда айтылғандай әрбір елде тек бір адам ғана біледі (экоухайдо – адам емес, сондықтан да бұл тұжырымды рас деп қабылдауға болады).

Бұл жолы бірінші сатыда шынайы суреттерді елші 89 пайызға дұрыс тапты.

Ал екінші сатыдағы сандардың комбинациясы келесідей болды: 822143155401640194.

Осындай сақтық шаралы үшін себеп жоқ емес. Осыдан 8 жылдам астам уақыт бұрын (келіссімшарт жазылмастан 6

ай бұрын) АҚШ президенті жателдік елшілермен кездесуде болған. Ол кезге дейін бірнеше ай бойы екі жақта да тыныштық орнай бастаған еді. Бұл кездесу АҚШ президенті үшін ең соңғы кездесу болды. Кездесуге келген экойхайдо елшісі емес, оның орнына іші жарылғыш затпен толтырылған андройд келген болатын. Содан кейін кез – келген екі түр арасындағы кездесудің барынша қауіпсіз өтуі үшін әртүрлі қадамдарға баратындығында ешқандай артықшылық жоқ. Оны екінші жақ та түсінеді.

Бірақ олар да өздерінің қауіпсіздігін ойлайды. Елші келмес бұрын барлық келісуге қатысулардың бар екені расталу керек болады. Әйтпесе кездесу туралы ұмытуға болады. Одан кейін кездесу орнына елшімен бірге жарылғыш чемодан келеді. Жарылғыш чемодан аспаннан ұшып келеді. Оған бірнеше себептер бар: ешқандай ел басшылары қалалардың ішіне осындай қауіпті заттың қала ішінде қажетінен артық болғанына жол бере алмайды; қонақтардың өзі де осындай өздерінің ондай қауіпті қаруының сыртта қажетінен арық болғанын қаламайды. Жерге жарылғыш қорапты арнайы зымыранмен алып келеді. Ол зымыран ғарыш орталықтарынан арнайы бағытпен ұшып келіп, кездесу болатын орынға тікелей қонады. Осы чемоданның негізгі ролі – егер де елші өзіне қандай да бір жағдайлар бойынша қауіп төнеді деп санаса, онда елші мен бірге 15 километр радиусты 6000 градусқа дейін қыздыру болып келеді.

Кездесу аяқталғаннан кейін зымыран өзінің “жүгімен”

бірге қайта келген жолымен ұшып кетеді.

Оныншы бөлім: Қайту

Экоухақа халқының елшісінің шатты жер бетінен шамамен алғанда 2.1 – 2.3 км қашықтықта ұшып өтеді, ал МИК-МАК – тың сәулеленген импульсті толқынының (тіпті жолда туындауы мүмкін деген кедергілерді есептегеннің өзінде) шамамен 3 – 3.5 км қашықтыққа дейін жетеді.

Егер де Лу Хаоның сөмкесінің ішін қарайтын болсақ, онда оның ішінде МИКМАК – тың (сонымен қатар өзге де ұсақ – тиек заттар да) бар екенін көруге болады. Көлік тұрағындағы көкшіл түстес құрастырылмалы – жалдамалы автокөліктің ішінде жатқан Вероника ойын – сауда орталығының сыртында орналасқан барлық бейнебақылаушы камералардың барлығын өз бақылауына алды. Егер дипломаттық шаттықты істен шығарылатын болса, онда бейнежазба арқылы шамамен қай жерге құлағандығын математикалық әдістермен есептеп тауып алуға болады.

Он бірінші бөлім: Тұрақта

– Жоғарыда, солтүстік – шығыс жақтан келе жатыр. Сенің отырған позицияңнан 11 сағат 38 минут горизонтал бойынша және 2 сағат 14 минут вертикал бойынша ұстап отыр. Саған команда бергенде атуға дайын отыр. – динамиктің арғы жағынан Верониканың дауысы шықты.

– Бас! – шамамен 2 секундтан кейін Верониканың дауысы қайта естілді.

Лу Хао МИКМАК – тың үстіңгі – сол жағындағы перне-

лердің біреуін басып қалды. Дәл сол уақытта біраз уақытқа жарық шадары, салқындатқыштар, бірнеше лавкалар, өзгеде де ұсақ элект құрылғылары өшіп қалды. Сауда – ойын орталығының тоқ көзінің бас лейлиниялары өзге жерінде орналасқан, сондықтан да олар қайтадан жұмыс жасап кетті.

– Қап, алынған бейнежазба өте аз. Мен тек қана шамамен радиусы 1 км аумақтағы ауданды ғана есептей аламын. – бейнежазбадағы шаттлдың көліктен шағылысқан бейнесінің бұрышын есептей отыра, Вероника оның құлауға мүмкін жерін есептеуге тырысты.

– Соның өзі де жетеді. Кеттік. – Бекнұр команда берді Жүргізушінің орнына Дәмиан отырып алды. Ардо жолдағы тосқауылдардың барлығының кедергі болмайтындығын бақылап отырды. Вероника (шын мәнінде виджет) шаттлдың құлауға мүмкін аумағын, сол жерге қалай ең жылдам баруға болатын жолды есептеп жатыр.

Он екінші бөлім: Шығарда

Бір күн бұрын:

– Маған не сендермен баруға болмайды?! –

– Сен осыған дейінгі де барған жоқсың ғой! -

– Я, білемін. Бірақ осыған дейінгілердің барлығында сендердің келе алатындарыңды білдім. Алайда осы жолы сендер өздерің білесіндер, келулерің екіталай.

– Сондықтан да сен қалуың керек.

– Сенер өздерің білесіндер, осы жасақты құрған менің әкем. Анам о дүниеге аттанған соң ол өз – өзіне түңіліп кет-

кен. Тек «Қанжар» құрылғаннан кейін ғана адамдармен араласа бастады. Мен ол тірі кезінде ешқашан көмек көрсете алмадым, енді тым құрыса өмірлік ісіне көмек көрсетуім керек!

– Лу Хао, сенің ойыңша егер де сен әкеңнің ізін жалғастырмасаң, оның үмітін ақтамағандай болып сезесің. Бірақ шын мәнінде бәрі қарама – қарсы. Лу Чень о дүниелік болмас бұрын бәрімізге соңғы әрі ортақ тапсырма берді: сені қорғау. Чень, өзің білетіндей, өте сақ адам болғандықтан оның сеніміне кіретін адамдардың тізбегі ұзақ емес, тіпті, өте қысқа деп айтар едім: нақтырақ айтсақ, олардың барлығы осы үйде. Сенің әкең сені біздің қасымызда топпен бірге соңына дейін барсын деп емес, тек бізге ғана сене алатындықтан ғана сені бізбен бірге қалдырған.

– Мен оны ... псвх ... білген ... псвх ... жоқпын, – өзін – өзі әрең ұстап отырған Лу Хао жылап жіберді – мен әрқашан ойлайтымын ... псвх ... мен сендердің қастарыңда ... псвх ... үйрене берсін деп ... псвх ... алып жүрді ме деп ойлап келгенмін ... псвх ... артқа қайтатын жолды ... псвх ... бақылау менің міндетім екеніне сеніп келгенмін ... псвх ... сол үшін де ешқашан қарсы келмегенмін.

Топ мүшесінің ешқайсысы Лу Хаоны бөлгісі келмеді. Қанша жыл бірге болсада олардың ешқайсысы оның жылағанын көрген емес, ал егер Лу Ченнің әңгімелерене (ал ол көп әңгіме айтпайтын, тіпті, керісінше, өте аз айтатын) сенетін болсақ, анасы қайтыс болғаннан кейін бірінші рет жылап жа-

тыр (тіпті әкесі екі дүниенің арасында жатқанда да, одан кейін де жыламаған еді).

Бұл көрініс ұзаққа созылмады. Себебі атмосфера қаншалықты сентименталды болса да, егер графиктен қалып қойса, онда осындай жағдай келесіде қайтадан пайда болмауы мүмкін (ал егер олар осы мүмкіндікті жіберіп алатын болса, онда топтың мүшелерінің ешқайсысы өзін кешірмейді).

Он үшінші бөлім: Көлікте

Сауда – ойын кешені. Көліктер тұрағы. Көліктердің арасында тыныш гүрілдеген дыбыс естілді. Соғыс жылдарында көліктер, шағын ұшақтар, қайықтар және өзге де транспорттық аппараттарға арнайы маторлар құрастырылған болатын.

Бөлшектерден қолдан жиналып құрастырылған көліктердің бір жақсы жері – оларды системада табу өте қиын (әсіресе егер оларды қара базарда алынса). Көлік тұрақтан шығып бара жатқанда шлагбауым артынан өзімен – өзі жауылып кетті. Көліктің тұраққа кірілгені немесе шыққаны бір де бір бейнебақылауларда көрінбеді. Вероника, айтылғандай, өз ісінің мықты маманы.

Электронды тұрғыда автокөлік жоқ болса да, материалды өмірде бар. Сондықтан да оның екі қапталынан өзге көліктердің терезелерінен және жаяу жүргіншілерден дөрекі сөздер (өте – өте дөрекі боғауыз сөздер) естілді.

– Қай жерге құлағанын таптың ба? – рөльді басқарып отырған Дэмиан өзінің дене пішініне байланысты кішкене күлкілі бейне пайда болып отыр.

– Күте тұр. Сендер не, маған онай деп ойлайсындар ма?! Менде бар жоғы 0,875684 секунд қана бейне бар. А, я, айтуды ұмытып кеттім. Бейнелердің жалпы ұзақтығы одан 10000 есе артық. Компьютер осы бейнежазбалардың ішіндегі барлық шаттлдың суреттері бар және шағылыстырғыш беттердегі суреттері бар кадрлардың барлығын ескере отырып, арнайы бағдарламалардың көмегімен оның құлау бұрышын, жылдамдығын, құлауға мүмкін локациялық беттік параметрлері және өзге де сен түсінбейтін факторларды табу керек. Сонымен қатар шаттлдың мүмкін құлаған орнына дейінгі ең қысқа жолды тауып, сол жолдың бойынша барынша аз кедергі болуын қадағалауда. Есіңе сала кетейін, бұның барлығын жалғыз бір компьютер және бір адам басқарып отыр. Неге? Өйткені біздің автокөлік сервер тасып жүре алмайды, және ешқандай із қалдырмас үшін ғаламторға да қосыла алмамыз. – көлік барлық мүмкін жол заңдарын бұзып, салонның ішінде дауыл ойнап жатырғандай заттар ұшып жүрсе де, Вероника қандай да бір белгісіз күштің көмегімен компьютермен жұмыс жасай алып отыр.

– Я, я, түсіндім. Кешіретсіз! Мен тек жай ғана барлығымызды қайда апаратынымды білгім келеді. Себебі рөлде отырған мен ғой. – Дэмиан рөлді лезетте солға содан кейін оңға бұрып жіберді. Қасынан қызыл түсті соңғы моделді Welly Honda мотоциклі өтіп кетті (мотоцикл жүргізушісі Дэмианның анатомиясы дұрыс емес деп айтып үлгерген).

– Уайыдама. Тек қана навигатордың көрсеткен бағытына

қарай жүре бер. Қазір бізде тек қана шамамен құлауы мүмкін аймақ қана бар.

Он төртінші бөлім: Сыртында

Алматы қаласы; сыртқы сақина; өлі аймақ;

Үш қабатты жартылай сынып жатырған (үй үштен көп қабаттан көп қабаттан тұратын екенін көруге болады, себебі үшінші қабаттың «шатыры» екі қабаттың ортасы екенін көруге болады) үйдің көлеңкесінен төрт адамның сұлбасы көріне бастады (өздеріңіз бұл төрт адамның кім екенін түсінген шығарсыздар).

Өлі аймақта ешқандай жер көліктері жүре алмайды. Себебі, біріншіден, бұнда көлік жүруге болатндай жол жоқ; екіншіден, егер тіпті оған көңіл аудармай жүремін десек те, аймақ қабаты кез келген әлсіз қозғалыстың әсерінен бұзылып кетуі мүмкін, ал ондай жағдайда қолайсыз автокөлік тек кедергі келтіреді.

Сондықтан да топ мүшелеріне біраз уақыттан бері жаяу жүруге тура келді.

– Сенің есептерің дұрыс екеніне сенімдісің ба? – әдеттегідей Дэмиан тағы да шағымдана бастады.

– Егер сенбесең өзің тауып көрсең болады! – Вероника да өзінің рипертуарынан кері қайтпады.

– Жарайды, жарайды. Мен тек біздің әлі дым таппағанымызды айтқым келеді. – екеуінің диалогы қайтадан айтысқа айналып бара жатырды.

– Құлаған нүктесі бойынша есептеуім дұрыс. Бірақ ескере алмайтын факторлар көп. Мысалы: жердің құлаған моменттегі ерекшеліктері, кемеңің бетінің үйкелістік және серпімділік коэффициенті, немесе, шаттлдың генераторы қайта жұмыс жасап, ол ұшып кеткен болуы да мүмкін. – Вероника өзінің қолындағы смартфоннан (әрбір екінші тұрғынның қолында скрибо бар кезде біреудің қолынан «ескі ғасырдың» девайсын көру мүмкіндігі күнде туа бермейді).

– Егер де соңғы айтқаның рас болса, онда біз дәл қазір осылай еркін сөйлесе алмас едік.

– Я, мүмкін. Немесе олар жәй ғана біздің сыртымыздан бақылап отыр. Былай айтқанда, біздерді аңдып отыр. Со-сын бас кеме келген кезде олар біздердің барлығымызды өз-дере алып кетіп, миымызды ақтарып, барлық құпиялары-мызды біліп алғаннан кейін барлығымыздың өмірлік жолы-мыз сол мезетте аяқталады немесе өздерінің эксперимент-тері үшін қолданысқа жібереді. – екі әңгімелесушінің орта-сына өз сөзін қосуды Ардо да ұмытпады.

– М – м – м. Ия – я – я. Сен арамызда бәрінен жақсы адамдарға қолдам бере білесің. – иронияға толы Вероника-ның жауабы өзін ұзаққа күттірмеді.

– Бәрің тынышталың. Мен бірдеңе естіген сияқтымын. – осы жолы да әңгіменің соңына соңғы нүктесін Бекнұр қой-ды.

Топтың алдынан гуілдеген дыбыс есілді. Ондай дыбыстың ешқандай осы сияқты өзге де дыбыстардан айырмашылығы

болмас еді (осы аймақтың архетектуралық және гелогиялық ерекшеліктеріне байланысты желдің гуілі ысқырық сияқты болып естіледі) бірақ бұл дыбыс өзге дыбыстардың фонында анық өзгеше болып тұр.

Барлығы өзгеше дыбыс естілген жаққа қарай бет алды. Оңтүстік оңтүстік – батыс жаққа қарай он қадам жүрер – жүрмес жерде әртүрлі сынған үйлер мен бетонды грунттардың жиынтығынан құралған төбешік бар. Төбешіктің үстіне шыққанда 25 – 27 метр қашықтықта шаттлдың құлаған үңгірді көруге болады: өлі аймақта ол сияқты үңгірлердің саны қаладағы адамдардың санына қарағанда көп, бірақ шаттлдың құлағанына күмән келтірмеуге болады, себебі оның бір қанатының ұшы көзге көрініп тұр (және оның астында шаттлдың анық емес сұлбасын көруге болады).

Команда шаттл құлаған үңгірге үш топқа бөлініп: Бекнұр мен Вероника бірге, Ардо және Дәмиан бөлек – бөлек жақындады (Олай жақындаудың себебі бар, және оның неге содай екенін айта алар едім, бірақ ол туралы көп жаза беретін болсақ, онда кітап барлығына тез жалығып кетер еді).

– Қалай ойлайсындар, ұшқыштың отыратын орны біздің ұшақтардағыдай деп ойлайсындар ма? – әңгіменің бірінші болып басын бастаған Ардо болатын.

– Егер шаттлдың құрылысына қарайтын болсақ, онда мен осы жерде деп айтар едім. – топтың ішіндегі ұшқыштық тәжірибесі ең көп адам ретінде Дәмиан кемеңің белгілі бір бөлігіндегі бөлігін көрсетті.

– Сен оған сенімдісің бе? – әрине егер осындай сұрақ қоймаса, Вероника Вероника болмас еді.

– Екеуіміздің ішінде кім әрі ұшқыш, әрі авиатехник, соны айтшы маған, а? Мен сенің бағдарламаларыңа тиіспеймін ғой! – кеме ішіне кірер бетін іздестіруге қарамастан Дэмиан өзінің қарсыласына жауап қайтаруды ұмытпады.

– Я, сен солардың ішінен бірдеңе түсінетіндей айттың ғой. Коледжде оқығандығың туралы білемін, бірақ бұл жатғалам-шарлықтардың кемесі екенін ұмытпарсың. Менің саған күмәндануыма әрине себебім бар. – екеуінің арасындағы ұрыста екеуі де ешқашан дұрыс еместігін мойындамайды, және ең жаман жері екеуінің де келтіріп отырған дәлелдерінде өздерінің астында негіздері бар.

– Егер маған сенімің жоқ болса, онда өзің іздеп көрсең болады. – бұл жолы да екеуі де бір – бірінен ұтылғысы келмеді

– Сенің ойыңша мен не істеп жатырмын. – егер Верониканың қолындағы дивайсты қарайтын болсақ, онда оның бетінде қандайда бір бағдарламалардың көмегімен қандайда бір алгоритмдер бойынша қандайда бір геометриялық параметрлер есептеліп жатырғанын көруге болар еді.

– Мен таптым – кірер тесікті екеуінен бұрын Ардо ашты. Я, ол кірер тесікті тапты. Нақтырақ айтсақ ол кемеңің сынып құрған бөлігін қаттырақ ашып жіберді.

– Хм. Қызық екен. Бұл шаттлдардың бетінде тым құрыса сызат қалдыру үшін ең кем дегенде танкке қарсы артелериялық снаряд керек. Ал сен болсаң оны жай қолыңмен қайы-

рып жібердің. Сен не, қандай да бір халксың ба не?? – Дэмиан мен Вероника (осындай жағдай екеуі үшін мың жылда бір рет болатын шығар) бірге сұрақ қойды.

– Хмм. Екеуің қос ғашық сияқты ... – осыдан кейінгі сөйлемнің соңын Ардо айтылып та үлгерген жоқ.

– Біз ғашықтар емеспіз – бұл жолы да (бүгін не, қандай да бір ғажайыптарға толы күн бе не?) екеуі бір уақытта сөздің бетін қайтарып жіберді.

– Жарайды, жарайды. Сендердің айтқандарың болсын. Біз бә....

– Вероника, сен ішкі системаға кіре аласың ба қарап көр. Дэмиан, сен біздің ұшқыштың шаттлдың қандай бөлігінде болуы мүмкін екендігін анықта. Ардо, сен бұл тесікті қалай кеңейткеніңді айтып бер. – бүгіндікке Ардоны да екінші рет сөзінің ортасынан бөліп тастады.

– Өзім де білмеймін. Мен тек тесіктің ішінде мүмкін қандай да бір тұтқа немесе сол сияқты тағы бірдеңе бар ма екен деп қолымды салып едім. Бір уақытта бух – бах – және содан кейінгіні өздерің де көрдіңдер. – шынында да бұның қалай болғанын оның өзі де білмейді.

– Оны кейін анықтай жатармыз. Бізге қазір ол маңызды емес. – әдеттегідей қысқа жауап.

– Бекнұр. Бұл шаттлдың жүк салатын бөлігіне ұқсайды. Бірақ оның іші бос. Не тасыса да, қазір ол ішінде жоқ. Және менің ойымша бізге кірер «есікті» қалдырып кеткен де сол зат деп ойлаймын. – шын мәнінде Дэмиан дұрыс тапты, бірақ

егер оның не екенін білсе....

– Хмм. Қызық екен. Бұл жерде қандай да есік бар деп айтпас едім. Бізге не дегенмен басқа кірер есік табу керек. – Вероника да өз пікірін айтты.

– Мхм. Шынымен ба. Онда мынау не. – бірақ ол қателесті.

Шын мәнінде егер де оның орнында кез келген басқа адам болса, олар да есікті таппас еді. Дәмиан екі секцияның ортасындағы есікті ашатын пернені абайсызда басып жіберді.

– И – я. Сен сол жерде есікті ашатын перне бар екенін біліп басқан сияқты болып айтасың ғой.

– Не дегенмен де ең маңыздысы менің арқамда тапық қой. Ал оның әдейі ме, кездейсоқ па, оның қандай қатысы бар. Негізі, егерде сені тыңдасак, онда біз басқа тесікті іздеумен қаншама уақытты босқа құртар едік.

– Жарайды. Егер бұның барлығы сенің арқанда болса онда сен мүмкін бізге есікті ашып бересің, а?! – есік тек қана 3-5 сантиметрге ғана ығысқан болатын.

– Бұл тіпте қиын емес. Оны қазір біз үшін Ардо ашып береді. Қане, алға, халк!

– Біз оны мен жасамағанымызды түсінген сияқты едік қой.

– Егер қалай ашу керек екендігін білмейтін болсаңдар кененің басқа жерлерін қараңдар.

– Жарайды. Ардо, Бекнұр, қане, бері келіңдер. Үшеулеп көрейік. Егер үшеуімізге берілмесе, онда басқа жақтарын қарауға тура келеді. – үшеуі бірігіп есіктің қабырғасынан

тартты.

Басында есік берілмеді. Содан кейін ішінен шөлмектің сынған ұқсас бір дыбыс шықты да, есік лезде ашылды да қалды.

– Ұшқыш отыратын кабинаға ұқсайды. Бірақ қазір бірденені анық айтуға болмайды. Не дегенмен де ең алдымен бізге ішін тым құрыса адам кіре алатындай ету керек. – бөліктің іші шынымен де адам кіре алмайтындай болып тұр: ең алдымен, есік ашылған бойда үстінен қандай да бірдене құлап түсті, және одан кейін де (өте қысқа уақытта) дыбыс жалғасқанына қарағанда, бұл жалғыз өзі құламады деп айтуға болады.

Бекнұр, Ардо, Дәмиан үшеуі бірігіп, екеуі бір бөлшегі құлаған заттарды өздерінің ыйықтарымен көтеріп, тірі кіреберіс жасап тұрған кезде, үшіншісі ішке қарай кіріп, аяқ астындағы заттарды алып тастап, екеуінің біреуі босауы үшін орнына ұзындау затпен тіреп, одан кейінгі бір бұрышы құлап жатқан затты өзі тіреп, ары қарай кіре берісті жалғастырып тұрды.

– Ура – а – а. Таптық. Бекнұр, Дәмиан, кішке көбірек күш салып жіберіңдер. Мен қазір оны шығарып алайын. – қалыңдығы бір дәптердің бетіндей беткі ауданы 1 метр шаршыға жетер жетпес объектіні ысырып жатқан кезде Ардо жатғаламшарлықтардың экзокостюмінің басын көріп қалды.

– Қане. Бір. Екі. Үш. Яп.

Екеуі күш салып көтеріп жатырған кезде Ардо экзоко-

стюмді тартып шығарып алмақ болды, ал Вероника болса оған артынан көмек көрсетті. Екеуі оны шығарып жатырған кезде костюм біртүрлі дыбысар шығара басады, алайда ол барлығының құлағына да ілінбеді, өйткені қазір ешкім оған көңіл аудара алмады.

Он бесінші бөлім: Ішінде

Экзакостюм кеме ішінен сыртқа шығарылғаннан кейін Ардо қалған екеуіне кеме ішінен шығуға көмектесті.

– Менің білуімше бізде аспандағылар бірдеңе дұрыс емес екендігін түсінгенге дейін шамамен әлі жеті минуттай бар, ал олардан біреу ұшып келгенге дейін әрі кеткенде дегенде жарты сағаттай бар. Мына жексұрынды таптық. Енді бізге қалған уақыт ішінде оны көлікке тиеп, базаға апару керек. Ал оған бізде уақыт жетеді. Не дегенмен де, бұл жолы бәрі мен ойлағаннан да оңай болып шықты.

– Сен неге олай дейсің. Сен білесің бе, егер сен олай айтсаң, міндетті түрде бірдеңе дұрыс емес жүреді.

– Сен білесің ғой, мен ондайға сенбеймін.

– Сенсең де сенбесең де, ол бәрібір солай болады.

– Я – я. Қане, мынаны маған апаруға көмекте ... – арғы жағы айтылмай қалды, себебі Дэмиан костюмнің екі қолынан көтерген кезде, оның бір қолы бөлініп кетті.

– Мүмкін емес. Мүмкін емес. МҮМКІН ЕМЕС!!! – бұл Дэмиан үшін ауыр соққы болды.

– Жарайды. Оның ішінде қандай маңызды бөлшектер бар екендігін қарауыз керек. – Вероника бәрінің ойын басқа

бағытқа аударуға тырысты.

– Оның енді қандай маңызы бар. Егер саған шынымен керек болса, онда бәрін жүктеп алып, орталыққа алып кетіп ақтарсаң болады. – Дәмиан түңеліп кеткен (оны қалай жауап бергенінен байқауға болады).

– Алып кетуге болар еді, бірақ болмайды. Мен сендерге қайталап айтамын, ең алдымен сақтық керек. Бірінші кезекте бізге дыбыстық және бейне жазғыш аппараттардың жоқ екендігіне көз жеткізуіміз керек. Мен геолокациялық анықтағыш пен жарылғыш заттардың болуы мүмкін екендігін айтып отырған да жоқпын.

– Жарайды. Бірақ егер ештеңе шықпаса, онда ең көбі – уақытша орталыққа апарамыз.

– Не дегенмен де, жоқтан жақсы.

Барлығы келіскеннен кейін үш жігіт костюмді бұзуға кірісті. Нақтырақ айтқанда бұзуға тырысты. Экзокостюмнің де, роботтардың да сыртқы каркасы бір біріне өте қатты бекітілген және сыртқы беті аса төзімді болып келетін. 2 – 3 минуттан соң барлығы қол сілтеуге дайын уақытта Ардо соңғы рет бір көрейін деп фитингтерді алып, оның ұшы сиятын бір тесікке тығып, қаттырақ сілкіп жіберген де беті жайнап кете берді

– Берілгендей болды. Қане бері келіндер, үшеулеп көрейік.

Костюмнің төс бөлігін ашқан кезде ішінен ешқайсысы ойламаған нәрсені тапты: костюмнің ішінде адамның басымен

бірдей бүкіл бетінде ішімен жалғасып жатырған көпбұрышты «ыдыс» бар. Сол ыдыстың ішінде желе сияқты сұйықтық бар. Егер де оған жақсылар қарайтын болсақ, онда оның ішінде жыбырлаған құртқа ұқсайтын, бірақ құрт емес кішкентай ғана «мұрттарды» көруге болады.

– Қалай ойлайсындар, біздің жатғаламшарлық «қонағымыз» осы ма екен? – Дәмиан үшін осы ыдыстың ішіндегі тіршілік иесі осыған дейінгі түсірінкі көңіл – күйін көтеруге жеткілікті болып шықты.

– Шынымды айтсам, білмеймін. Бірақ, егер оларды ешкімнің әлі күнге дейін көрмегенін ескеретін болсақ, онда олардың осындай болуы мүмкін. – Ардо «оған» бір қызығушылықпен қараумен болды.

– Не болса о босын, бірақ ол өліп бара жатырғанға ұқсайды.

– Сен оны қалай біліп қойдың.

– Егер де дұрыстап қарайтын болсаңдар, онда сендер мына ашық тұрған жеріне жақын орналасқан мұрттарының өзге аумақтағыларына қарағанда басқаша әрекет жасауын көрер едіңдер. Оған қоса дәл сол аумақтағы денесі кеуіп бара жатыр. – Бекнұр топқа өзінің бақылауымен бөлісті.

– Демек оның орталыққа жетпеуі өліп кетуі мүмкін екендігін ескеруіміз керек. Тіпті егер ол оған дейін өліп кетпейтін болса да, сақтықта қорлық жоқ деген бар. Қосалқы жоспарға көшуге тура келіп тұр.

Бекнұр өзінің ішкі қалтасынан кішкене бір құтыны шыға-

рып, оның ішіндегі сұйықтықты ыдыстың ашық бөлігі арқылы ішіне құйып жіберді.

– Шынымды айтсам бұның оған соншалықты күшті әсер етеді деп ойламаған едім. Сен жазып алдың ба?

– Я.

– Онда тек оны жіберу ғана қалды. – оң жауапты естігеннен кейін Дәмианың ыйығынан тас түскендей сезінді

– Мен саған жаңа ғана не айттым. Олай айтпа! Сен не, қайтадан жамандақ болғанын қалайсың ба?!

– Олай асыра айтпашы. Бұл жерде менің кінәм жоқ. Тіпті негізі егер мен олай айтпасам да бәрі осылай болар еді. Менің сөзімнен бүкіл бір тіршілік түрінің анатомиясының әп сәтте өзгеріп кетуі мүмкін емес қой.

– Сенімдісің бе. Жарайды. Жібердің бе.

– Жіберу мүмкін емес. – Вероника камераны дорбадағы құрылғыға кабель арқылы жалғап қойған

– Мен саған не айттым. Керемет! – Ардоның бетінен «мен айттым емес пе?!» деген сөзді оқуға болады.

– Сайып келгенде, оның ешқандай қатысы жоқ. Желі шаттлға шамамен 30 метрге жақындағанда ажырап кетті. Бірақта егер мен биіктікке шығатын болсам, онда желі қайтадан қосылу керек деп санаймын.

– Жақсы. Онда шынымен де бәрі оңай болып бара жатыр.

– Тыныш. Ештеңе естіп тұрған жоқсыңдар ма? – Ардо айналасына күдікпен қарай бастады.

– Я. Мен де бірдеңе естігендей болдым. – оған Бекнұр да

ҚОСЫЛДЫ

– Тығылындар. Анда 3 робот келе жатыр. – бір кезде жоғарырақ шығып бара жатырған Вероника шаттлдың артына қарай секіріп жіберді.

– А – а. – бір кезде Дэмианның дауысы естілді. Оның оң жақ бүйіріне плазмалы оқ тиген екен. Бірақ ол бір роботты атып құлатып үлгерген болатын.

– Радиатор немесе оның орнындағы не болсада, оның біздің жақта екенімізге рахмет айтындар. Әйтпесе бір нақты оқ, және бәріміз аспанға ұшар едік.

– Неге бәрі мен айтқанда кері кетеді, ал сен айтқанда олай болмаймайды.

– Өйткені мен ондайға сенбеймін, ал сен сенесің. Сондықтан да сенің сөзің сондай әсер берді.

– Екеуі екі жақтан келуі мүмкін. Сондықтан да дайын болындар. Ардо, сен сол жақтағыны өзіңе аласың, ал мен болсам оң жақтағыны аламын. Дэмиан, сен жағдайға байланысты екеуіміздің біреуімізге көмек көрсетесің.

– Неге біртүрлі тыныш болып кетті? – Ардо өзінің алдыңғы жұмысына байланысты топтың ішіндегі ең құлағы ұшқыр мүшесі болып келетін.

– Тексеріске шықпай тұра тұр. Сен білесің ғой, олар осылай бұған дейін де алдамшы қадам жасаған болатын!

– Бірақ бұл жолы ондай қадам жасай алады деп ойламаймын. – осы кезде сол жақтан адамның даусы естілді.

– Лу Хао?! Сен мұнда не істеп жүрсің? – ең бірінші болып

өзіне келген Вероника болатын.

– Я, я. Мен де ерте келгеніме қуаныштымын.

– Жоқ. Мен оны айтып отырған жоқпын.

– Мен сендерге керек екенімді білдім.

– Жарайды.

– Не де болса тағы бірдеңе болмай тұрған жағдайда барлық жазбаны тездетіп жіберу керек.

Он алтыншы бөлім: Дайындық

Шаттлдың жоғалғанынан кейін 4 сағаттан кейін барлық жатғаламшарлық станциялар қорғаныс режиміне ауыса бастады, және 10 минуттан кейін барлығы ауысып бітті.

12 сағаттан кейін жер бетінен әуеге шамамен оң мыңшақты ұшақ ұшып шықты. Егер атмосферада 127 қосалқы және 2 негізгі станция бар екенін ескерсек, онда әрқайсысына орта есеппен алғанда 75 – 80 ұшақтан келеді. Ұшақтардың әрқайсысы сақтандырғыш күмбезден өту үшін орнатылған МИКМАК – пен қамтамасыз етілген.

4 жыл бұрынғы оқиғадан кейін екі жақ та бір нәрсені түсінді: жатғаламшарлықтар жер тұрғындарының олар ойлағандай әлсіз емес екендігін; адамдар негізгі станциядан құтылу арқылы қалған бөлшектерден құтыла алмайтындығын.

4 жыл бұрын атмосферада жалғыз бір негізгі станциясы ғана болған болатын. 1295 ұшақты құрбандыққа сала отырып және тек бір құдай біледі тағыда қанша адамның

құрбандығының көмегімен адамдар одан құтыла алды. 0,17. Бірақ бар болғаны 0,17 секунд керек болды. Барлық жатғаламшарлық техниканық қайта қосылуы үшін 0,17 секунд қажет болды. Ондай мүмкіндіктің екінші рет болуы үшін дәл сол уақытта мүмкіндіктер болмады. Бірақ ол қазіргі жағдайдың туындауына әкеліп соқты.

Қазір адамдар ондай қысқа уақыттың болуын күте алмады. Ал егер қазір негізгі орталықтың саны екеу екенін ескерсек, онда ол уақыттың алдыңғысынан кем болатынына сенімді болуға болады (егер ол уақыт болса да). Бұл 4 жыл бұрын тек жарты ғана техника істен шыққанын ескермегенде.

Әрбір ұшақта МИКМАК тан басқа ерітіндіге арналған бөлігі бар арнайы құрастырылған зымырандармен жабдықталған. Жабдылған бөлігінің ішінде пропилицианитпен толтырылған. Өздерің түсінгендей, жоғарыда айтылған келімсектерге қарсы ертініді – пропилицианит.

10 жыл бойы жатғаламшарлықтардың ішкі системасына кіріп, ондағы жазуларды зерттеу барысында криптогрофтар ішіндегі өте көп қайталанатын бірнеше сөздер мен символдарды аударып алды. Олар негізінен қалалардың аттары, қарулар және координаттар туралы жазылған болатын. Бірақ ішінде бір сөз өзгеше болып келді. Ол сөз – пропилицианит.

Олардың пропилицианитпен неге сонша қызыққаны ғалымдар үшін де қызықта болды. Сондықтан да бірнеше топ болып қатарынан ол туралы барлық мәліметтерді жинаумен, сұрыптаумен және қарастырумен айналысты. Соның нәти-

жесінде олар осы анықтады: келімсектер келместен шамамен 10 жыл бұрын пропиленцианиттің шығарылымы күрт теже- ле бастады, содан кейін тіпті кейінге кете бастады. Ал соққы басталған кейін ең үлкен соққы алған орындарға дәл осы пропиленцианиті дайындайтын орындар болып келді.

Олардың осы күнге дейін өзге оқиғалардан бөлек болып білінбеуі – соққы түскен уақытта ол тікелей пропиленцианит- тің ерітінділерін дайындайтын немесе сақтайтын нүктелер- ге тікелей тимеген, көбінесе жабдықтау жолдарына, энергия қуат көзі қорларына, және тағы да басқаша жұмыс жаса- уға маңызды қосалқы нүктелерге тигендігімен түсіндіріледі. Оның үстіне, әдетте ондай оқиғалар қақтығыс кезінде бола- тын. Тіпті кейде ондай оқиғалардың себебі ретінде адамдар- дың қаруы да болып келген кездер де орын алған.

Сол себептен де жер бетіндегі(және тек жердегі еместерді де) экоухайдолардың қозғаласын, әрекетін, олардың шабуыл жасаған орындарын, олардан қалған қоқыстар мен техника- лық қалдықтарды және тағы да басқа да өзге материалдық және информациялық қорларды жинау, сұрыптау, талқы- лау және анализдеуге арналған толыққанды топтардың бар болғанына қарамастан ешкін әлі күнге дейін осы оқиғалар- ды бір бірімен байланыстырмаған. Бұл олардың қаншалы- қты алдын – ала дайындалғанының ауқымдылығының өлше- мін және олардың қаншалықты өздерінің әлсіздігінен қорқа- тындығын көрсетеді.

Он жетінші бөлім: Казарма

Мәліметтің орталық базаға жеткенінен кейін 10 жыл бойы дайындалған жоспарымыздың жемісін көруге дайынбыз. Ешқандай оқыс оқиға болмас үшін бұндай үлкен масштабтағы қозғалысты көптеген кіші топтарға бөліп тастаған. Дәл қазір осы топтардың біреуінде мен де шайқасқа дайындалудамын.

– Мен бұл операцияда ұшқыштардың қатарына тек ең жақсыларды ғана алады деп естігем. Егер сен де олардың қатарын болсаң, онда бұл әңгімелер тек қана әңгіме сияқты ғой. – дәл осы кезде артымнан таныс адамның дауысы естілді.

– Ха – ха. Мен сені ақпараттық технологиялық топтың басында болады деп естігем. Байқаймын, сенің осында болуыңа қарағанда, жұмыстарың жоқ сияқты ғой! – неге екенін білмеймін, бірақ Вероника екеуіміз ешқашан тіл табыса алмағанбыз.

– Не, бір рет ажалдан аман қалсаң екінші рет те сәттілік сенің жаныңда болады деп ойлайсың ба?

– Егер мен туралы уайымдайтын болсаң, қарықпая қой.

– Сен туралы біреу уайымдауы мүмкін сияқты айтасың ғой.

– Онда не үшін келдің.

– Егер бұл біздің соңғы кездесуіміз болса, онда менің сағар айтарым бар.

– Біздің 5 жылдық таныстығымыздан кейін се ...

Айытқым келген сөйлемнің қалған бөлігі аузымда айтыл-

май қалды. Сондай бір нәзік сезім. Есіме тек Вероника қазармадан шығып бара жатырған кезде ғана келе алдым.

Он сегізінші бөлім: Әуеде

– Альфа – қорғанысқа шабуыл жасай беріндер. Бетта – ұшып шығып жатырған дрондар сендердің мойындарында. Чарли – біздің артымыздан келе жатырған «қонақтар» сендерге. Дельта – қалғандарына керек жерлерінде қолдау көрсетіндер. – құлағыма біздің командирдің дауысы естілді.

Біз олардың дайын болатындығын білдік. Бірақ та олардың қарсылығы біз күткеннен де күштірек болып шықты. Есіме бірден 5 жыл бұрынғы оқиға түсті. Неге есіме түскенін өзім де білмеймін.

Жоқ. Бұл жолы олай болуына жол бере алмаймын. Қазір менде тірі қайту үшін ынта пайда олды: қайтсемде Вероникадан жауап алуым керек.

Мен Дельта тобына тиесілімін. Бұл топқа әрбір орталықтардан тек арнайы критериялардан өте алатындардың ішіндегілерден ең үздіктері ғана қабылданады.

– Альфа, Дельта – біздің «сыйлықтарды» ішке жеткізіндер. Егер «есік» болмаса, сендерде өздеріңнің «кілттерің» бар екенін естеріңе салу керек емес шығар. Бетта, Чарли – көмек көрсетеміз! Сосын орындарыңмен ауысасындар. – біздің командир негізі қызық адам. Бұл тек оның сөйлеумәнеріне байланысты емес. Стратегияны біз ұшып шықпас бұрын оқып алғанбыз. Неліктен оның біз білетін ақпатратты қайталап айтып отырғандылығы туралы ешкім жауап бе-

ре алмас.

Он тоғызыншы бөлім: Орталықта

Дәл қазір мәліметтік орталық центр барлық топтармен байланыста болу керек. Біздің жұмысқа шаттлдардан шыққан сигналдарды ұстау, оларды дешифрлеу, жолдарын айыру немесе, егер әрине мүмкіндік болса, жалған ақпарат бар сигнал жіберу; алынған мәліметтермен қалған топтарды қамтамасыз ету; топтардың арасындағы ақпараттық алмасудың дұрыс жүруін және бізге келген соққыдан қорғану кіреді.

Атқару керек жұмыс басымнан асады. Ол жетпегендей менің астымдағылар да қуантатын адамдар емес. Мен 10 жасымда олар атқарып отырған әрекеттерін олардан жақсы жасаған шығармын.

– Сендер не, код жазуда кеше ғана үйрендіңдер ма?! Мен екі қолымды қолданбайтын болсам да сендерден тезірек жазатын шығармын. Егер біздің желіге біреу кіретін болса, айтпады демендер, өз бастарыңмен жауап бересіңдер. Сенде әрине жасамайды. Жазып жатырған кодыңды дұрыстап жазбайсың ба. Ал сендер не қарап тұрсыңдар. Не, сендердің ойыларыңша ол өзін – өзі аударады деп ойлайсыңдар ма. – бір топ аз болғандай, біздің қасымызда аударушы топ та орналасқан.

Әрине Бекнұр да осында. Бірақ ол ешкімге көңіл аударып отырған жоқ. Ол өзге адамдарға көңіл аударуға энергия бөле алмайды. Өйткені оның ойынша өзгелерге белгілі зат ай-

ту – тек керек емес уақыт жұмсау болып саналады. Әсіресе осындай уақытта.

Неге екенін білмеймін, бірақ мен өзімді қоярға жер таппай отырмын. Әсіресе қақтығыс басталғалы бері.

Бұл менің өмірімдегі ең сұмдық күн шығар.

Жиырманшы бөлім: Жерде

Мен қатты қателескен екенмін.

Я, біз ұттық. Алайда бізге олардың технологияларын зерттеу керек болды. Станциялардың ішінде қалған техникалардан барынша қаншалықты алуға мүмкін мағлұматтарды алуымыз керек. Бұл көптеген сұрақтарға жауап бере алады: қайдан келді, қалай бізге жетті, тағы екінші толқынды күтуіміз керек пе, жалпы, бізден басқа өзге де цивилизациялар бар ма екен. Оның үстіне, экоухайдо технологияларын меңгеру біздің де технологиялық үлкен қадам жасауға үлесі мол болады.

Әрине, центрда отырып сигналдарды ұстап алудан әлде қайда қиынырақ. Бұл жерде әңгіме тек көшірілетін ақпараттардың көлемінде немесе ішінде қойылған қорғаныста емес. Қақтығыс нәтижесінде станцияның біраз жерлері зақымданған, сәкесінше материалдық ақпаратты қорладың да біразы зақымданған. Яғни кейбір ақпараттардың толық қанды ала алу мүмкіндігі туралы айтпауға болады.

Жиырма бірінші бөлім: Бөлімде

– Ханым, сізге бәрі ыңғайлы ма?

– Егер қандайда бір сұранысыңыз бар болса, айта берсеңіз

болады!

– Сізге кіруге рұқсат берілді! – я, бір ғана шақыру қағазының күші соншалықты көп болады деп ойламаппын. Генералдың мөрі бар шақыртуды көрсеткенге дейін тіпті күзетте отырғандар да маған қарағысы келмеген. Ал қазір тіпті іштегі беделді адамдардың өздері де (маған солай көрінді) жылы сөйлеп, барынша көңілімнен шығуға тырысты.

– 23-76-б секторында 13 ұшақ жарамсыз болып қалды.

– 27-65-г секторында – есікті ашып кіре салысымен шамамен 10 адамның әр қасысы арлы – берлі үш – төрт монитордың бетіндегі шығып жатырған қандай да бір сандар мен диаграммаларды қарап, содан кейін бірдеңелер айтумен у – шу болып отырғанын байқауға болады.

Бірақ бәрінен бұрын көзге кіре берістен қарама – қарсы жардағы жардың шамамен үштен екі бөлігін алып жатырған экранға назар аударуға болады. Себебі сол экранның алдында өзгелерден бөлек болып жалғыз тұрған жасы шамамен 45-50 – дегі ер адамды байқауға болады. Тіпті тұрысының өзінен ол адамның өзге адамдардан биік тұрған тұлға екенін анық байқалады. Арқасы тік, ақ костюм үстінде онтайсыз кейіп келтірмейді, ал қолындағы ақ қолғабы қандай да бір қауіпті әрі күшті адамның бейнесін құрастырады.

– Генерал Майманов, мені неге шақырдыңыз?

– Мен сені әкеңнің сұрауы бойынша шақырдым.

– Я, мен солай деп ойлаған едім. Егер бұл әкеммен қатысты болмаса біз қазір сөйлесіп тұрмас едік.

– Лу Вэнь осы күннің болатынына сенімді болған. Бірақ өзінің осы күнге дейін жететініне сенімді болған жоқ. Егер өзі тірі болмаса, онда ол маған сені қорғауды тапсырды.

– Бар айтарыңыз осы болды ма?! Онда мен кеттім. Әлі жасар жұмысым көп.

– Ол сенің осылай айтатыныңды да білген. – есікті қанша итерсем де ашылмады.

– Бұны қалай түсінуге болады???

– Егер сен дәл қазір баратын болсаң, онда сенің өлілер тізіміне қосылуың күрт өседі.

– Маған сіздің қорғаныңыз қажет емес.

– Менің де қырсық қызға қарайтын уақытым жоқ. Алай да мен сенің әкеңе сөз беріп қойғанмын. Сондықтан кедергі келтірмей тұр. Әйтпесе мен байқамай дұрыс емес команда беруім мүмкін. Мысалы бір ұшқышты суицидтік миссияға жіберуім мүмкін. – генерал Лу Хаоға көзінің ұшын салды да, қайтадан экранға қарады.

Ал Лу Хао болса тұрған жерінде үнсіз тұрып қалды да, бір бұрышқа барып отырып алды. Әрине, ол генералдың не айтқысы келгенін бірден түсінген болатын.

Жиырма екінші бөлім: Шара

Қақтығыс аяқталғаннан кейін шамамен екі айдан кейін марпаттау рәсімдемесі басталды. Ең алдымен соғыс барысында қайтыс болғандар «Ерлікпен қайтыс болған» деген ма-рапаттауға ие болды, ал олардың жақындарына әртүрлі кө-мек берілді.

Одан кейін әртүрлі лауазымды адамдарға қосқан үлесі үшін марапаттау берілді (тіпті кейбіреулеріне лауазымдарын жоғарлатып берді).

Сосын үлес қосқан әртүрлі топтарды марапаттау мен оларға материалды және қаржылай «рахмет айту» рәсімі ба-сталды.

Әрине, осы жерде барлығымыздың тұрмағанымыз жүре-гіме ауыр тиеді.

Жиырма үшінші бөлім: Бөтен

Айналамда барлығы қирап жатыр. Қасымдаға адамдар ар-лы – берлі сенделіп жүр. Біздің басты жұмысымыз – жазу-ларды аударып беру. Экоухайдо тілі тек қана цифрлі формат-тағы ақпараттарда ғана емес, сонымен қатар есіктер, сөре-лер, мәзірлер және т.б. беттерде жазылған. Кейде олар жатға-ламшарлықтардың тілінде емес, оларға түсінікті белгіле-улермен белгіленген.

Верониканың дауысы әдеттегідей анық естілуде. Егер қа-телеспесем, алдымызда ақпараттық топтың мүшелері тағы да сөз естіп жатыр.

Қасымызда олардан басқа көмекші топ та жүр. Олардың жұмысын атауының өзі айтып тұр. Әрине, олардың негізгі рөлі – бізге көмектесу. Нақтырақ айтар болсақ – олардың қызметі роботтарды басқару және олардың дұрыс жұмыс жа-сауын қадағалау.

Ауыр заттарды көтеру, радиация және улы заттарға тек-серу, қауіпті тұзақтардың барын – жоғын анықтау және т.б.

қауіпті жұмыстардың барлығын дерлік қазіргі таңда роботтар атқарады. Техникалық қауіпсіздік үшін олардың қасында бақылап жүретін адамдар (әдетте әрбір 10 робот үшін 1 адам тағайындалады) болуы тиіс.

Дәл қазір жалғыз осы ғана станцияда 300 – ден астам адам және 1200 – ден астам роботтар бар. Ізденіске осыншама көп күш жұмсалудың себебі – ғарыш станциясының (егер ол жерге құласа жер станциясы болатын шығар) ішінде жер атмосферасындағы газдармен әрекеттеу нәтижесінде немесе жерге құлаған кезде қандай да бір апаттық жағдайлардың әсерінен экономикалық немесе ғылыми тұрғыдан бағалы болуы мүмкін құрылғылар мен материалдардың бүлінуіне бәрінен жол берілмеуі. Сондықтан да әрбір адам таңдалып алынған сенімге ие адамдар.

– Кім ойлаған, олардың қорқынышы өздерінің өлімдеріне алып келеді деп?! – қасыма жас 40 – 45 жастағы әйел адам келді.

– С-7 болкағы аударма жұмыстары бітті ме? – бұл әйел адам аудармашылардың бірі болып келеді.

– Я бітті. Біздің алған деректерге сәйкес олардың бұрынғы ғаламшары этилформаттар тұратын ғарыш газымен қапталуына байланысты одан әрі өмір сүруге жарамсыз болып қалған екен.

– Ал қалған дискеттерде не бар екен?

– Дәл қазір біз тек олардың біздің ғаламшарға ғарыштық тунел арқылы ғана келгенін білеміз. Бірақ оның қалай пайда

болғандылығы туралы ештеңе таппадық.

– Демек, оладың біздің ғаламшарға келуі кездейсоқ болуы да мүмкін бе сонда? – негізі осы қойылған сұрақ мағанда қызық болып тұр, себебі жатғаламшарлықтардың архивтерінде тек олардың қайдан келгенділігі туралы ғана бар да, бірақ та қандай құрылғының көмегімен келе алғандылығы, қалай келгенділігі, және ең бастысы, неге дәл осы ғаламшарға келгенділігі туралы ешқандай да мағлұмат жоқ. Алынған ақпараттан олардың бізге келуі тек жәй ғана кездейсоқтық ретінде болған оқиғаға ұқсап тұр.

Жиырма төртінші бөлім: Қақтығыста

Айналамда барлығы қирап жатыр. Қолымда қалғаны – жалғыз ғана магнитті винтовка ғана. Импульсті гранаталардың барлығы аласа биіктікте ұшатын виджеттерді құлатуға кетті. Қалтамда қалған зарядталған оқтың саны шамамен 120 шақты. 25 – 30 өзін – өзі басқаратын андройдтар артыман келе жатыр.

Осының ішінде ең жаманы – оң қолым виджеттің оғымен ұшып кеткені. Алайда, сол жақ бүйірімде бір жерден ұшып келген тастың үшкір бөлшегі бар екендігінен одан да жаман сияқты.

Егер мен оны алып тастасам, онда жараны жаба алмай қан жоғалтып өлемін. Ал егер алып тастамасам, онда ашық қалған жарадан замынын өлемін. Қалай болса да мен осы тықырыстан тірі шыға алмаймын.

Бірақ екінші жағдайда мен ұзағырақ өмір сүре аламын. Әрине, қалағандай ұзақ емес, бірақ қахарман жауынгерлердің өлімімен өлуге жеткілікті.

Жарайды. терең дем ал. Оң жақта артында тығылуға болатын тосқауылдар көбірек. Онымен қоса мишендер де аз болу керек. Дайындал. 1. 2. 3. Ал кеттік.....

Жиырма бесінші бөлім: Қылтимада

Қылтимадан жайқалып жатқан орманның керемет көрінісі байқауға болады.

– Осы жерден байқалатын көрініс әдемі. – қасыма Бекнұр келіп, шынтағын қылтиманың жақтауына қойды.

– Мен әлі ойлаймын, мүмкін баяғыдай өлілер қатарына тіркеліп қойылған шығар, ал шын мәнінде бір жерде қандай да бір құпия тапсырманы орындап жүрген болар. – алдымдағы көрініс туралы әңгіме айтуға ешқандай ынтам болмады.

– Әлі де сене алмай жүрсің бе?! Сен өзің дененің шын екеніне көзің жеткізген жоқсың ба? Тітпі, днқ тестін жасатқан болатынсың.

– Ия, білемін. Бірақ сонда да ...

– Арамызда тек қана біреуіміз ғана мерт болғаны – үлкен сәттілік деп санаймын. Өзің білесің, бұл миссиядан ешқайсысымыз тірі қайтпауымыз мүмкін еді. Оны барлығымыз да түсінеміз.

–

– – я, солайы – солай. Мен де оны жақсы түсінемін. Бірақ әлі көне алмаймын.

– Екеуінің алғашқы күндердегі қарым – қатынастарын есіме түсіп кетті. Алғашқы күндері сенің топ басында болуыңа байланысты араларыңда біраз қақтығыстар болған.

– Ия. Айтпа. Тек Лу Вэнмен сөйлескен кейін ғана менің бұйырықтарымды тыңдай бастады. Ерте болған оқиғалар демекші, бір жағдай есіме түсіп кетті – арамызда болған бір оқиға есімізге түсіп кетті.

– Ол оқиғада сенің еш кінәң жоқ.

– Мен ештеңе деген жоқпын. – менің не туралы айтып тұрғаным екенін ол да түсінген болатын.

– Бірақ мен білемін, сен өзінді әлі күнге дейін іштей кінәлап жүрсің. – біздерге бір – бірімізді түсіну үшін ештеңе айту қажет емес.

– Мен әлі күнге дейін ойлаймын, мүмкін сол кезде шыққан кезімде қандай да бір артымда із қалдырып қойған жоқпын ба деп.

– Бірақ ол кездейсоқ оқиға екені дәлелденген жоқ па. Сенікінен басқа сол аймақтағы тағы да үш бункер жойылған болатын. – осы оқиғаны одан кейін Бекнұр егжей – түкжейлі тексерген болатын.

– Солайы солай ғой, алайда ...

– Саған тезірек өз – өзінді кешіре алуыңды тілеймін. – кім не айтса, ол өзін әлі де кешірмеген болатын.

– Жарайды. Мен бірінші болып кеттім. – әлі де ол туралы біреумен сөйлесу оған ауыр тиеді екен.

Бекнұр астына қарай баратын басталдаққа қарай кетті.

Барлық дәлелдер шынымен өліп қалды деп тұрса да, маған бәрі бір олай емес сияқты.

Жиырма алтыншы бөлім: Жаңалық

Соғыс бітті. Біздер енді ғаламшардың қахармандарына айналдық. Біздер қазір қорғаныстың жеке вилласындамыз. Я, қазір біздер лайықты демалыстамыз. Бүкіл әлем біздің жеңісімізді құттықтап жатыр. Ал бізге ертең арамыздағы біреуімізді жерлеу керек. Ешқайсысымыз арамыздан бірінші болып ол кетеді деп ойламағанбыз.

– Сен не туралы ойланып отырсың? – артымнан маған та-
ныс дауыс естілді.

– Ертеңгі садақа туралы ойланып отырмын. – тіпті артқа
қарамастан дауыстың иесін кім екенін айтып бере аламын.
Ол – Вероника.

– Біздер екеуіміз туралы қашан айтамыз? – мойнын-
дағы алқаға ілінген сақинаны сасағында кішкене айналды-
рып тұрды да, қайтадан төсіне тығып қойды.

– Жердеуден кейін айтайық. – ия, біздің бұйырса үйлене-
міз деген ойымыз бар. Бірақ ол туралы дәл қазір айту екеуі-
міз үшін де ыңғайсыздау.

– Жарайды. Мен бірінші болып барамын. Ал сен меннен
кейін біраздан соң шық. Жарайды ма?

– Лу Хао. Сен нені іздеп жатырсың? Бәрі асында жиналып
жатыр. Кешігіп қалма. – кетіп бара жатырып Вероника бас-
палдақтан оң жақта тұрған бөлмеге қарап, Лу Хаоны шақы-
рып тұрған. Біраз уақыттан сон Лу Хаоның өзі де шыққан,

бірақ оның түрі де, жүрісі де басқа жақта екендігін көрсетумен болды. Тіпті, баспалдақта сүрініп қалуға шақ қалған.

Жиырма жетінші бөлім: Қоштасу

Қылтимадан Лу Хаоны байқадым. Ол біреуді іздегендей болды. Мүмкін ол менің тірі қалғанымды білетін шығар. Тіпті егер білмейтін болса да, сезгені анық.

Егер Майманов болмаса онда менің тірі екендігім айқын болар еді. Ол маған, мен оған. Көмекке көмек демекші. Ол маған елес болуға, ал мен оған ол үшін кейбір қара жұмыстарды атқаруға көмектесемін.

Оң қолымның орнына биокибернетикалық имплант (былайша айтқанда ең соңғы технология сөзі деп айтуға болады) қойдырып берді. Егер ол болмаса маған жұмысымды дұрыс атқару қиынға соғар еді.

Я. Итті айтсаң құйрығы көрінер деген сөз бекерден бекер айтылмаған екен.

– Ия, алло? Жақсы. Я, нақты координаттары келді. Жақсы. Жоқ, керек болады деп ойламаймын. Жолда оқып аламын. Байланыс аяқталды.

Соғыс аяқталды. Бірақ біреуге одан кейінгі былықты реттеу керек.

СОҢЫ

(Келесі кітаптарымды author.today сайтынан іздеңдер)